

## Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы

9 қазан 2023 жыл

Қатысқандар: педагогикалық ұжым саны – 117.

### Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. "№4 Хромтау орта мектебі"КММ-сінде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының ашылуы туралы
2. Мектепшілік «Даналық мектебі»клубының ашылуы

### Тыңдалды:

#### Бірінші сұрақ бойынша

Ешкеев А.Т. – мектеп директоры.

Мектеп директоры 18-29 қыркүйек аралығында пән мұғалімдері Асылбекова Л.А, Ибрагимова Э.Н, Байманов А.Н "Адамның үйлесімді дамуының ұлттық институты"ҰҚК ұйымдастырған «Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша курстан өтті.

Курстың мақсаты: Мектептерде ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының қызметін ұйымдастыратын сертификатталған тренерлерді дайындау.

Айгүл Төлеуқызы директордың ОТЖ жөніндегі орынбасарларының, әлеуметтік педагогтың, педагог – психологтың, сынып жетекшісінің Орталықтың қызметін ұйымдастырудағы функционалдық міндеттерімен таныстырды.

Келесі сөз кезегі сертификатталған жаттықтырушыларға Л.А.Асылбекова, Э.Н. Ибрагимова, А.Н. Баймановаларға сөз берілді.

Ибрагимова Э.Н. Орталықтың қызметі ата-аналардың құзыреттерін балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде қалыптастыруға бағытталғанын түсіндірді.

Орталықта ата-аналар интерактивті режимде балаларымен нақты позитивті қарым-қатынас дағдыларын алады, олардың психологиялық, эмоционалдық жағдайын түсінуді үйренеді, бұл балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы сияқты күрделі мәселенің тамырына әсер етуге көмектеседі.

Л. А. Асылбекова өз сөзінде осы жастағы өткір сұрақтар мен өзекті мәселелерді пысықтау үшін сабақтар жас топтары бойынша бөлінетінін атап өтті. Орталыққа барған кезде ата-аналар балалардың жас дағдарыстары мен олармен байланысты тәуекелдер туралы біледі, олардың алдын алуды, дұрыс әрекет етуді, әртүрлі өмірлік жағдайларда стандартты емес шешімдер қабылдауды, балаларға қажетті көмек пен қолдау көрсетуді үйренеді.

### **Екінші сұрақ бойынша**

Директордың ТІЖ орынбасары А.Ж.Мукановаға сөз берілді.

«Даналық мектебі» клубының ашылуының маңыздылығы туралы айтты. Алтынгул Жумагалиевна бұл клубтың мектеп жұмысының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту бойынша ажырамас бөлігі екенін, клуб Орталықпен бірге қатар жүретінін және жоғары буын өкілдері қатысатын «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қаморлығы», «Женге кеңесі» атты 4 үйірмеден тұратынын түсіндірді.

Клубтың жетекшісі етіп тағайындауға қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ж.К.Даулетованы ұсынды.

### **Шешімі:**

1. «№ 4 Хромтау орта мектебі» КММ –інде ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығы мен «Даналық мектебі» клубының ашылуына бұйрық шығарылсын.
2. Орталықтың сертификатталған тренерлері Л.А. Асылбекова, А.Н.Байманова, Э.Н. Ибрагимовалар сабақтарды сапалы жүргізсін.
3. 1-11 кластың класс жетекшілері Орталық пен «Даналық мектебі» клубына ата –аналар мен үлкен жастағы жандарды қатыстыруға жұмылдырылсын.
4. «Даналық мектебі» клубының жетекшісі етіп қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ж.К.Даулетованы тағайындауға бұйрық шығарылсын.

№4ХОМ директоры  А.Т.Ешкеева

Хатшы:  К.Утешова